

“КӨРКЕМ ШЫҒАРМАҒА ЖОСПАР ЖАСАУ, ЖАЙ ЖОСПАР ЖӘНЕ КҮРДЕЛІ ЖОСПАР”

Миралиева Диана Нұрмухан қызы

Шыршық мемлекеттік педагогикалық университеті
Қазақ тілі және әдебиеті бағытының 2-курс студенті

E-mail: diananurmuxan2@gmail.com

Байзаков Жандос Абдазимович

Ғылыми жетекшісі:

(PhD)

Шыршық мемлекеттік педагогикалық университеті

АННОТАЦИЯ

Мақалада қазақ тілі әдебиетін оқутуда қолданылатын әдістердің түрлері, өзара жіктік топтары туралы мәлімет беріледі. Сонымен қатар, әр бір әдіске анықтама. Әдістердің қолданылу орны. Қай кезде қолданылғанда қандай нәтиже беруі жайында. Жәнеде мектеп оқушыларының сынып ерекшелігіне байланысты қолданылатын кезеңдері жайында мәліметтер беріледі.

Кілт сөздер: Әдебиет әдістемесі, принцип, жемісті нәтиже, әдіс түрлері, көркем туынды, оқыту шеберлігі, әдіс-тәсіл.

“PLANNING A WORK OF ART, SIMPLE PLAN AND COMPLEX PLAN”

ABSTRACT

The article provides information about the types of methods used in teaching the literature of the Kazakh language, groups of mutual units. Also, help for each method. Place of application of methods. It is about what results it will give when it is used. In addition, information is given about the stages used by schoolchildren depending on the class.

Keywords: Literary methodology, principle, fruitful results, types of methods, artistic works, teaching skills, methods.

Кіріспе бөлім: Жоспар құра білу-оқушы ойын жүйелеуге көмектесу. Жоспар құру жазылымға дайындау кезеңіне жатады. Оқушылар берілген тақырып аясында талқылау жұмыстарын жүргізеді. Бұл үдерісті олар жұптық, топтық жұмыстар арқылы жүзеге асырады. Сол арқылы олар тақырыпты

талқылап өз идеяларымен бөліседі. Оқушылар бұл тұста ментальді карта, кластер және т.б. әдістерді кеңінен пайдаланады. Идеялар топтастырылып, сұрыпталып жоспар құрылады. Жоспар құруда қажетті мәліметтерді жинақтауға мүмкіндік беріледі.

Негізгі бөлім: Мәтін – лингвистикада сөйлемнен жоғары бірлік ретінде қарастырылады. Ал лингвистикалық бірліктердің – сөз, сөйлем – формалық құрылымынан мазмұнына қарай қарастырылатыны белгілі. Мәтін – тек сөйлеудің туындау үдерісінің жемісі ғана емес, сонымен қатар, қабылдау жемісі болып табылады. Сондықтан да мәтінді екі жақты тану маңызды орын алады: біріншісі – айтушының тұрғысынан, екіншісі – тыңдаушының тұрғысынан қарастыру. Сондықтан мәтінді түсініп оқу дағдысын қалыптастыруда оқушыларды мәтінге жоспар жасауға жаттықтырудан басталады. Негізінде ғалымдар мәтінге жоспар құруды біліктіліктің күрделі қызметін қажет ететін үдеріс деп санайды. Сондықтан да оқушыға жоспар құрғызуға жеңіл қарамағаны дұрыс. Дұрыс құрылған жоспар – оқушының айқындалған ойын танытады. Ал оқушы өз ойын айқындап, бір желіге түсіре алмаса, материалды меңгерді деп айта алмаймыз. Мәтінге жоспар құру барысында оқушы екі жақты әрекет жасайды: оның бірі – тұтас мәтінді бөлшектеу жолын танып жатады, екіншісі – мәтіннің мәнісі жағынан жуық келетін бөліктерін топтап, жинақтап жатады. Сонда, жоспар құру анализ бен синтездің қатар жүруін қажет ететін логикалық амалдар екендігін танимыз. Құрылымдық жағынан бөлшектеп жатқанымен, сол бойда мән-мағыналық жағынан топтап жатады. Мәтінге жоспар құрғызуды оқушылардың танымдық әрекеті деп тану осыдан келіп туындайды. Өйткені тұтас пен бөлшектің ара қатынасы және тұтастықты құрап тұрған ішкі байланыстарды анықтау – оқушының таным қызметінің нәтижесі. Мәтінге жоспар құруды үйрену арқылы оқушы берілген материалдың ішіндегі ең мәнді, маңызды, яғни ойдың дәнін тану жолын меңгеретінін ұмытпау керек. Алғаш жоспар құруды үйренген кезде оқушы маңызды емес, жанама белгілерді алдыңғы кезекке қоюы мүмкін. Мысалға, ол бір заттың айрықша белгісі болуы да, немесе оқушыға таныс емес, айтылуы күрделі сөз болып та көрінуі мүмкін. Бірақ мәтінді тұтас қайта-қайта оқып, дауыстап оқып, одан мазмұндау барысында оқушының санасында үлкен мазмұн біртіндеп компрессиялана бастайды да, нәтижесінде оқушы жоспарды немесе тезисті “жасай бастайды”. Бұл – біліктілікпен (интеллект) тығыз байланысты ой амалдары деп саналады. Мәтінге жоспар құрғызуда оқушылар орындайтын, оларды қалыптастырылуы тиіс деп саналатын логикалық амалдар мыналар: тұтас мәтінді мағыналық бөлшектерге бөлу; негізгі ойды іріктеп, анықтау; бөлшектерге тақырыпшалар

беру; оларды жоспар түрінде ретке келтіру. Жоспар құру үшін, сонымен бірге жоспардың түрлерін де тану керек. Олар:

- жоспарды сөзбен құру, мұның өзі жай жоспар, күрделі жоспар, кеңейтілген жоспар болып бөлінеді;

- сурет арқылы жоспар құру;

- танымдық жоспар құру;

Жоспар - мәтін мазмұнының ықшам, нақ әрі жүйелі берілген тірек-негізі. Мәтін құру барысында немесе берілген мәтінді талдап қарастыру бағытында жұмыс жасау – ойды жүйелеуге көмек. Мәтінге жоспар құрғызудағы әрекеттің бірі мәтінді топтарға бөлу – жұмыстың алғашқы сатысы ғана. Бұл әлі есте сақтау емес. Өйткені ол оқушының өз бетімен орындайтын дағдыларының қатарына енген жоқ. Сондықтан да логикалық бірізділікпен жүргізілетін мұғалім жұмысының түпкі нәтижесі ғана оқушының мәтінді есте сақтауы, оны бөлуі мен мазмұндық жағынан тығыз түрде жүйелей алуы сияқты маңызды қабілеттерді қалыптастыратын болады.

Қарапайым жоспар :

Кіріспе. Хобби дегеніміз не?

Негізгі бөлім: Хобби түрімен айналысатын қазақ қаламгерлері

Қорытынды. Хоббидың маңыздылығы

Қорытынды бөлім: Педагогикалық зерттеу үдерісінде айқындалған заңды байланыстар (яғни, зерттеу құбылысындағы байланыстардың арнайы талдауы: әмбебап, заңды, себеп-салдар, қызметтік) мүмкін нәтиженің жоғары жетістіктері негізінде заңдылықтарды ескере отырып, жаңа жүйені дайындап шығару мүмкіндік туғызады. Көп кездерде педагогикалық зерттеулердің әдіснамалық негізі теориялық негіз бен дерек көздерімен тығыз өзара байланысымен сипатталады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ: (REFERENCES)

1. «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі» Т.Қ.Қасенова Павлодар қаласы Керуку 2015 жыл
2. «Әдебиетті оқыту әдістемесі» Қ.Бітібаева Алматы қаласы «Рауан» баспасы 1997 жыл
3. «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі» Б.Д.Жұмақаева Алматы қаласы «Қыздар университеті» баспасы 2015 жыл.